

Сейфуллин оқулары – 18(2): «XXI ғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации» - 2022 .- Т.І, Ч.IV. – Б.158-160

“МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ӨЛКЕЛІК КОМПОНЕНТТІ ҚОЛДАНУ” АРҚЫЛЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ

М.Ө. Өтесін, 2курс магистранты
М.Ж. Махамбетов, PhD докторы

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетін, Ақтөбе қ.

«Табиғат бәріне жеткілікті байлық берді. Осы жер райын адамдар тозаққа айналдырды. Халықтар аға-қарындас болып, өздерінің ақылдарын тіршілікте еңбекке пайдаланса, табиғат берген байлықты ақылмен игерсе ешкім таласпас еді, дүние - бұл жұмбақ!...»
Шәкәрім Құдайбердіұлы

Саналы адам пайда болған сәттен бастап табиғат байлықтарын пайдаланды. Қазіргі уақытта дүниежүзілік қоғамдастық алдындағы толғақты проблема – ғаламшарды, оның биосферасын қауіпсіз тіршілік үшін қажетті күйде сақтап қалу [1].

Біз өмір сүріп отырған қоғамда болып жатқан өзгерістер педагогикаға да өз әсерін тигізуде. Білім беру мазмұнын әлеуметтендіру, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мұғалімге жаңа міндеттер жүктейді. Соның бірі - мектепте оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру [2].

Сондықтан да, XXI ғасыр жаңарған, дамыған реформалар ғасыры болып тарих сахнасына енуде. Оқу-ағарту, ғылым саласында жаңа реформалар жасалуда. Әр елдің экологиялық мәдениеті терең зерттеліп, соны игеруге мол мүмкіндік туды. Қазақстан Республикасы соңғы 30 жыл ішінде әлем таныған ел болды. Қазіргі жастарға зор міндеттер жүктелді, білімді ұрпақ қажеттілігі туындады. Қазақ даланы ежелден жан тәнімен сүйген, оның әр бір тал шөбіне, тікенегі мен тасына, жалпы табиғи көркіне сүйсінген. Өйткені көшпенділік мәдениетін қалыптастырған халық қоршаған ортаның экологиялық ахуалының жылма-жыл сақталып отырылуы адам өмірінің нәрі екендігін жақсы түсінген. Сондықтан экологияның әр түрлі бағыттарын ашып көрсететін тарих, әдебиет, география, химия, физика пәндері бойынша кіріктіріліп, экологияны оқыту процесін жетілдіруде және жалпы білім беруде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар өлкенің мол мұрасын оқып үйрену үшін жаңа буын оқулықтарына болашақта өлке жұмыстарын таныту [3,4].

Білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына

келтіруді көздейді. Өлкетану - бір территорияны ғылыми негізде жан-жақты зерттеу. Өлкетанудың зерттеу нысаналарына табиғат, тұрғындар және өлке экономикасы, өлке тарихы, өлке өнері, климат, тарихы, тұрғындары, мәдениет және тұрмысы жатады. Өлкетану көпсалалы, өз мазмұны бойынша тарихи, әдеби, этнографиялық, биологиялық, географиялық, экономикалық болып бөлінеді [5].

XX ғасырдың 20-шы жж. әкімшілік-саяси немесе шаруашылық белгісімен ерекшелетін шағын территориялар зерттеле бастады. 1930-жж. өлкетану жергілікті халықты біріктіріп, өлкені жан-жақты зерттеуге бағытталған қоғамдық қозғалыс ретінде анықталып, ерекше ғылым деп атаушылар да болды [6].

ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуге, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруге басты назар аударды.

«Өлкетану» түсінігі ол жергілікті тұрғындардың өз туған өлкесі деп есептейтін ел бөлігіне, қала немесе басқа да елді мекенге жан-жақты зерттеулер жүргізуі. Өлкені зерттеудің нысандары:

– өлкенің топонимикасы (географиялық атауларды зерттеуге арналған ғылым, өлкенің картасы);

– мұрағат құжаттары;

– баспа шығармалары, өнімдер;

– жергілікті өсімдіктердің үлгілері (флора), жануардың түрлері (фауна);

– өлкетану библиографиясы;

– тарих және мәдениет ескерткіштері;

– табиғат процестері мен нысандарын бақылау, пайдалы қазбалар;

– мектеп өлкетану музейі.

Оқу пәні ретінде биологиялық өлкетанудың негізгі функциялары:

– танымдылық (өз білімін жетілдіру);

– ғылыми (зерттеулік);

– білім беру, мәдени-ағартушылық (тәрбиелік) .

Сондықтан оқушыларға болашақта мектепте, сабақтан тыс уақытта өлке тарихын оқуға мән берулері қажет. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басым бағыттары мәтінінде, жалпы білім беретін орта мектептерде мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өлкелік компонентті қолдану арқылы экологиялық білім мен тәрбиенің маңызын түсіне алуларына мүмкіндік жасайтын мазмұнында ұлттық сана мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктерін ескере отырып, экологиялық білім беруді ізгілендірудің бірден – бір бағыты ретінде қарастыру.

Әр Қазақ баласының бойында өзі ес білгеннен жан – жүрегімен аялай түсетін «ауыл» деген үлкен бір өзгеше әлемнің, оның адамдарына, ой – қырына, өзен-көлі, тау-тасы, орман-тоғайына деген ерен бір сүйіспеншіліктің қалыптаса бастайтыны аян. ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру мақаласында» патриотизм кіндік қаның

тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Әр адамға туған жері, Отаны туып-өскен өлкесі қымбат. Сәби дүниеге шыр етіп келгеннен бастап оған бұл жер өте ыстық, өйткені ол – ата-бабаларымыз тұрған құтты қоныс. Бабаларымыздың ұрпағына мәңгілікке қалдырған иелігі, ең қымбат мұрасы- деген сөзі дәлел бола алады.

Адам баласы - шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер - әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Ол сол жерде тіршіліктің тылсым сырын ұғынып, өсіп-өнеді. Өскен жердің өркендеуіне өз үлесін қосады. Білім беру саласында да жас ұрпақтың өз өлкесін көркейтуге баса назар аударылады. Ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға мән беруді көздейді. Осы орайда елімізде жасөспірімдерге үздіксіз экологиялық білім беру мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың бүгінгі күн тәртібіне қойылуы орынды жағдай. Оның өзіндік объективті және субъективті себептері бар. Олар:

- Туған өлкеміздің табиғаты мен оның табиғи ресурстарының ұзақ жылдар бойы орынсыз пайдалану нәтижесінде азаюы, ластануы және есепсіз сарқыла бастауы;
- Өндіріс пен өнеркәсіп кешендерінің зиянды қалдықтары, тұрмыстық полигондар зардаптары, жердің жарамсыздануы, адам денсаулығының нашарлауы;
- Экологиялық білім, тәрбие және мәдениеттің қалыптасуы мен «тұрмыстық» қажеттілік мақсатындағы «табиғатты пайдалану» сипаты арасындағы алшақтықтардың ұлғаюы;

Экологиялық тәрбие - Болашақ кепілі. Яғни, табиғат - бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп-өнер мекені. «Табиғат - адам - қоғам» жүйесіндегі қарым -қатынасты оқушылардың ғылыми негізде игеруі нәтижесінде қалыптасатын жалпы білімнің бөлшегі. Бұл тәрбиенің негізгі мақсаты - жас жеткіншектердің экологиялық көзқарасын, сапасын және табиғатқа үлкен парасаттылық пен жауапкершілік қарым - қатынасын қалыптастыру. Адам мен табиғаттың өзара қарым - қатынасының адамгершілік аспектісін ашуда, ақыл - ой мен сезімін тәрбиелеуде, сананы қалыптастыруда «экологиялық мәдениет» жетекші орын алады.

Экологиялық мәдениет - барлық рухани өмір мен істе көрініс табатын, адамзат мәдениетінің маңызды бөлігі және табиғаттың құндылығын түсінетін, экологиялық білім жүйесімен, экологиялық іс-әрекетпен, қоршаған ортаға ізгілік қарым-қатынаспен сипатталатын тұлғанғың ерекше қасиеті.

Қазіргі таңда мектептердің басым көпшілігі бүгінгі күні осы бағытта балаларға үздіксіз экологиялық тәрбие мен білім беру ісін өзінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде қарастыруда немесе кейбір мектептерде жекелеген пәндерде экологиялық білім мен тәрбие беріп оқушыларды экологиялық мәдениетті тұлға ретінде қалыптастыруда туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыра отырып патриотизмнің нағыз өзегіне айналдыруы тиіс.

Қорытындылай келе, Жарқын болашақ үшін жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, тәрбиелеу аса маңызды. Ол үшін жол көрсетіп, санасын ояту қажет. Елбасы айтқандай, «Бір күнін ойлаған адам бидай егеді, он жылын ойлаған адам ағаш егеді. 100 жылын ойлаған адам ұрпақ тәрбиелейді».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауларындағы ғылыми мақалалары [Текст] / «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы, «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың 7-қыры»/ Астана.

2 Б.Құрманбеков «Ақтөбе тарихы» Ақтөбе – 2014 жыл

3 «Ауыл сыр шертеді» хикаялар жинағы 2005 жыл

4 Қожамқұлова Ж.«Экологиялық білім мен тәрбие беру» [Текст] : әдістемелік нұсқау, Алматы, 2011.

5 Темір ауданы энциклопедиясы

6 Сағымбаев Ғ. Экология негіздері. Алматы, 2000.